

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар ұсынатын, көрсетуден түсетін кіріс олардың жиынтық жылдық кірісінен алып тастауға жататын қаржылық қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 816 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1332 Қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 91-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар ұсынатын, көрсетуден түсетін кіріс олардың жиынтық жылдық кірісінен алып тастауға жататын қаржылық қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 25 тамыздағы
N 816 қаулысымен

бекітілген

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар ұсынатын, көрсетуден түсетін кіріс олардың жиынтық жылдық кірісінен алып тастауға жататын қаржылық қызметтердің тізбесі

1. Өз клиентінің есебінен және мүддесінде (брокер ретінде) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтер.

2. Номиналды ұстау қызметтері.

3. Андеррайтер қызметтері.

4. Ақпараттық, талдамалық және консультациялық қызметтер.

5. Бағалы қағаздар бойынша баға белгілеуді үнемі жариялау және ұстап тұру жөніндегі қызметтер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК